

^{*1}Шарыпқазы Н.  ²Нуржаева А.М. 

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Сулейман Демирель атындағы Университеті, Қасқелен, Қазақстан

E-mail: ¹nuriknaiman16@gmail.com, ²nurzhaeva@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ АГРАРЛЫҚ СЕРІКТЕСТІГІ: ӨЗАРА ТОЛЫҚТЫРУ СИПАТЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылық өнімдері саудасы серіктестігі дамуының қазіргі жағдайы, сақталған мәселелер және даму перспективасына жан-жақты талдау жасалады. Мақаланың мақсаты – екі ел арасындағы аграрлық сала қатынастарының жалпы жағдайына шолу жасалып, ауыл шаруашылық өнімдері саудасының өзара тәуелділік деңгейін, кейбір ерекшеліктерін және сауда байланыстарына кері әсер ететін факторларды анықтау, сонымен қатар болашақта сауда қатынастарының ілгерлетуге серпін беретін тетіктер мен даму бағыттарын айқындау. Қытай – ірі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші әрі тұтынушы ел. Алайда олар жоғары сапалы азық-түлікпен өздерін толық қамтамасыз ете алмайды. Бұл мәселені олар импорт арқылы шешіп келеді. Қазақстан – қолайлы климаты, құнарлы жері және мол аграрлық әлеуеті бар ірі астық өндіруші мемлекеттердің бірі, оның дәнді және майлы дақылдар өнімдері Қытай елі үшін таптырмас ресурстар саналады. Зерттеу әдістері – салыстырмалы, тарихи, жүйелік, статистикалық және жобалау зерттеу әдістері арқылы екі елдің ауыл шаруашылығы байланыстарына қатысты ғылыми еңбектер мен деректер зерттелді. Зерттеудің жаңалығы – екі елдің аграрлық сауда саласындағы серіктестік қатынасының өзара мұқтаждық негізде құрылғаны пайымдалады. Қос елдің экспорты мен импортының негізгі бағыттары, сауда үдерісіне ықпал ететін оң және теріс факторлар жүйелі түрде қарастырылды. Міндеті – Қытай мен Қазақстан арасындағы ауыл шаруашылық серіктестігінің қазіргі жағдайына терең талдау жасап, келешек даму бағыттарына нақты ұсыныстар беру. Зерттеу нәтижесі Қазақстан мен Қытайдың ауыл шаруашылық өнімдері саудасының қазіргі жағдайын, шешуге тиісті мәселелерін және даму болашағын анықтаумен де маңызды болып табылады. Сондай-ақ жұмыстың теориялық және практикалық қолдану құндылығы да жоғары деп санауға тұрады. Өйткені мақала екі елдің ауыл шаруашылық өнімдер саудасы сынды аса өзекті әрі тың мәселерді зерттеуге арналды және көтерген тақырыпты толыққанды ашып көрсетті деп айтуға болады.

Кілт сөздер: Қазақстан, Қытай, ауыл шаруашылығы саудасы, азық-түлік қауіпсіздігі, өзара толықтыру, халықаралық бәсекелестік, даму болашағы.

Кіріспе

Қытай - ежелгі аграрлық мемлекет болғандықтан, олардың ауыл шаруашылық өндіріс негіздері мықты әрі өндіріс тәжірибесі мол. Қытай ірі ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушісі, сонымен бірге ауыл шаруашылық өнімдерін көп тұтынушы ел. Қытайда 1978 жылдан бастап реформа жасау, есікті ашық ұстау саясаты жүргізілгеннен бері ауыл шаруашылығын дамыту маңдай алды бірінші орынға қойылды, мемлекеттік қолдаудың арқасында шаруашылық экономикасы айтарлықтай дамыды. Қытай ауыл шаруашылығын шетелдік жаңа технологияларды пайдалана отырып заманауиластырып, өндіріс өнімділігін арттырды. Алайда ауыл шаруашылық өндірісі саласында әлемдік нарық бәсекесінде басымдылыққа ие бола алмады. Қытайда жалпы әлеуметтік экономиканың дамуына байланысты, халықтың көп

бөлігінің азық-түлік, киім-кешек мәселесі негізінен шешілгенімен, халықтың күн сайын артып келе жатқан жақсы өмір үшін азық-түліктің жоғары сапалы болуына деген талаптарын қанағаттандыру оңайға түспеді. Сондықтан Қытай үкіметі елдің ішкі сұранысын қамтамасыз етіп, азық-түлік қауіпсіздігін шешу үшін аграрлық салада халықаралық ынтымақтастық қатынасты дамытуға мәжбүр болды.

Қазақстан - Оралық Азиядағы ең ірі аграрлық мемлекет әрі астық экспорттаушы үлкен ел. Қазақстан табиғи ресурстарға өте бай әрі Қытаймен шектесіп жатқан мемлекет болғандықтан, екі ел арасында энергетика саласындағы ынтымақтастық қатынастары алдымен дамыды. Олар энергетика саласындағы ынтымақтастық дамуы негізінде ауыл шаруашылық саласында ынтымақтастық байланыстары да дамытуға ойысты. Соның ішінде азық-түлік саудасы айтарлықтай дамып келеді. Өйткені екі елдің ауыл шаруашылық өнімдері бір-бірінің олқы орындарын толықтыратын ерекшеліктерге ие.

Алайда салыстырмалы түрде айтқанда, екі ел арасындағы ауыл шаруашылық өнімдер саудасының көлемі басқа елдермен салыстарғанда аз екені көңіл көншітпейді. Дейтұрғанмен, мұның өзі екі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аса маңызды болып табылады. Бұл әрқашан кем болса болмайтын, дамытуға тиісті саласы болып та саналады. Сондықтан еліміздің азық-түлік қауіпсіздік жүйесін нығайту үшін де, Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылық өнімдері саудасының қазіргі жағдайын жүйелі түрде жан-жақты зерттеудің ғылыми танымдық және практикалық маңызы зор деп санаймыз.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Осы зерттеуді дайындау барысында Қытайдың аграрлық саясатына, оның халықаралық ынтымақтастық тәжірибесіне және ауыл шаруашылығы нарығындағы өзара іс-қимылына тікелей немесе жанама қатысы бар әртүрлі дереккөздер пайдаланылды. Ең алдымен аграрлық саясат, азық-түлік қауіпсіздігі және халықаралық экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері қолданылды. Сондай-ақ, Қытай ауыл шаруашылығы университетінің зерттеулері мен қазақстандық ғылыми журналдарда жарияланған аграрлық экономикаға қатысты мақалаларды қолдандық. Зерттеу барысында ресми құжаттар мен нормативтік құқықтық актілер пайдаланылды, мысалы ауыл шаруашылығын реформалау және қолдау мәселелері жөніндегі ҚХР Мемлекеттік кеңесінің шешімдері мен қаулылары, сонымен қатар аграрлық саладағы мемлекеттік саясатты көрсететін өзге де материалдар енді. Зерттеудің сандық негізін қамтамасыз ету мақсатында статистикалық деректер кеңінен қолданылды. Олардың ішінде Қытайдың Ұлттық статистика бюросының ауыл шаруашылығына арналған жыл сайынғы есептері, UN Comtrade дерекқорындағы импорт пен экспорт статистикасы және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі сайтында жарияланған ресми мәліметтер бар.

Зерттеу материалды жинау және оны интерпретациялау барысында Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдері саудасы саласындағы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін өзара толықтыратын ғылыми әдістер кешені қолданылды. Ең алдымен салыстырмалы және жүйелік талдау әдістері пайдаланылып, екі елдің аграрлық сауда құрылымы, экспорттық-импорттық операциялардың негізгі бағыттары, өзара тәуелділік деңгейі, сондай-ақ серіктестіктің дамуына ықпал ететін саяси, экономикалық және әлеуметтік факторлар зерттелді. Бұл аталған тәсілдер аграрлық ынтымақтастықтың негізгі ерекшеліктерін анықтап, оның кеңеюіне ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторларды айқындауға мүмкіндік берді. Тарихи әдісті қолдана отырып Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынастардың қалыптасу кезеңдері, ауыл шаруашылығы байланыстарының даму тарихы, олардың эволюциясы және әр кезеңдегі негізгі өзгерістер талданды. Мұндай тәсіл қазіргі аграрлық серіктестіктің қандай тарихи негіздерге сүйенетінін және екіжақты қарым-

қатынастардың қалай қалыптасқанын түсінуге жағдай жасады. Статистикалық талдау әдісі арқылы сыртқы сауда көрсеткіштері, атап айтқанда импорт пен экспорттың динамикасы, ауыл шаруашылығы өнімдерінің ассортиментіндегі өзгерістер, өндіріс көлемдері, нарық үлестері және басқа да экономикалық индикаторлар қарастырылды. Статистикалық деректерді талдау екі ел арасындағы аграрлық сауданың ауқымын, тиімділігін және құрылымдық ерекшеліктерін объективті бағалауға мүмкіндік берді. Ресми ұстанымдар мен нормативтік-құқықтық базаны тереңірек түсіну үшін контент-талдау әдісі аясында мемлекеттік құжаттар, стратегиялық бағдарламалар, екіжақты келісімдер және бұқаралық ақпарат құралдары материалдары мазмұндық тұрғыдан сараланып, Қазақстан мен Қытайдың аграрлық саясатындағы басым бағыттар мен негізгі тенденциялар айқындалды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласындағы мамандардың пікірлерін, ғылыми еңбектерін және аналитикалық зерттеулерін талдауды қамтыту үшін сараптамалық әдісі қолданылды. Сарапшылар бағалары зерттеу мәселелерін нақтылауға және оның практикалық маңызын арттыруға септігін тигізді. Бұған қоса, жобалау (прогностикалық) әдісін қолдану арқылы қазіргі үрдістер негізінде екі ел арасындағы аграрлық ынтымақтастықтың болашақ даму бағыттары болжанды.

Осы әдістердің барлығының кешенді түрде қолданылуы Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдері саудасының қазіргі жағдайы мен ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсетуге, бар мәселелерді анықтауға және болашағы зор бағыттарды белгілеуге мүмкіндік берді. Осылайша зерттеудің теориялық әрі практикалық маңыздылығы арта түсті.

Талқылау

Аталған тақырыпты зерттеп ашуда негізінен қытайлық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйеніп ашуға тырыстық. Қытайдың аграрлық саласын арнайы зерттеген отандық зерттеуші ғалымдардың еңбектерін көп кездестіре алмадық.

Қытайлық зерттеуші ғалымдар: Вэй Фэн (2018) Қазақстан мен Қытайдың ауыл шаруашылық жүйесін салыстыра отырып зерттейді. Екі елдің жүргізіп отырған аграрлық саясатын, реформалары, аграрлық даму модельдері және мемлекеттік қолдау саясаттарының ерекшеліктерін талдайды. Мэн Тянци, Чжан Чжэнмао, Лю Юйсю бастаған зерттеушілер (2023) жылғы зерттеу еңбегінде екі елдің аграрлық сала бойынша инвестициялық жобалар, аграрлық кооперациясының институционалдық негіздері, инновациялық агроөндірістік кластерлердің дамуы және технология трансфертін зерттейді. Ли Пэньюэнь (2022), Асирхан (2023) қатарлы зерттеушілер екі елдің ауыл шаруашылық сауда құрылымын, даму динамикасын, аграрлық сауданың дамуына ықпал етуші негізгі факторларға жан-жақтылы талдау жүргізеді. Нұрғазина (2021) мен Жарқын «2021» Қазақстан мен Қытайдың аграрлық өнімдерінің бәсекелестік және толықтырғыштық сипаттарына тоқталып, аграрлық сауда қатынастарының даму бағыттарын айқындайды. Рустенова бастаған отандық зерттеуші ғалымдар Қазақстан ауыл шаруашылық өнімдерінің Қытай нарығына шығу жолдары мен кездесетін тосқауылдарға тоқталады. Майлы дақылдар, астық өнімдері т.б отандық аграрлық өнімдердің Қытай нарығындағы экологиялық таза өнімдер ретінде сұранысқа ие тұстары ашып көрсетіледі.

Тарихта қазақтар мен қытайлар арасында ауыл шаруашылық өнімдерін алмасуы, өндіріс құралдарын алмасуы ерте заманнан басталып, жаңа заманға дейін жалғасып келген. Ал екі елдің мемлекеттік деңгейдегі ауыл шаруашылық өнімдері саудасы Қазақстан мен Қытай арасында ресми түрде дипломатиялық қарым-қатынас орнаған 1992 жылдан басталды. Содан бері екі ел қатынастары үздіксіз дамып келеді. 2002 жылы тату көршілік және достық ынтымақтастық орнады, 2005 жылы стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді, 2011 жылы жан-жақты стратегиялық серіктестік, 2019 жылы жан-жақты стратегиялық мәңгілік серіктестік қатынас қалыптасты (李鹏文, 2022). Шанхай ынтымақтастық және «Белдеу және

жол» бастамасы аясында Қытай мен Қазақстан арасындағы көпжақты ауыл шаруашылығы саудасы жаңа деңгейге көтерілуде.

Бір елдің тұрақты дамуының кепілі - азық-түлік қауіпсіздігі. Жалпы экономикасының дамуы – азық-түлікпен тікелей байланысты. Қытай төрағасы Си Зиньпин бір сөзінде: «Азық-түлік қауіпсіздігін ел үшін маңызды орынға қою керек», - деген (曾婷钰, 2022). Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында сөйлеген сөзінде Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Агроөнеркәсіп кешеніне жан-жақты қолдау көрсетілуде. Негізгі мақсатымыз – ауыл шаруашылығының дамуына серпін беру. Бүгінде жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексында еліміздің көрсеткіштері жақсарып келеді. 2022 жылы осы рейтингте 32-ші орынға шықтық», - деп атап өтті (www.akorda.kz, 2024). Демек, Қытайға астықты импорттау керек болса, Қазақстанға астықты экспорттау қажет.

Қытай ауыл шаруашылығы ЖІӨ-нің 7,92%-ын құрайды, халықтың ауылдық жердегі үлесі 42 пайыз болса да, аграрлық саламен айналысатын халық үлесі 1,6 пайызын құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі бойынша Қытай әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің бірі. Елдегі негізгі мәселе – жер тапшылығы: Қытайда әлемдегі егістік жердің 7%-ы ғана бар. Ауыл шаруашылығының басты бағыты – дәнді дақылдар (күріш, бидай, жүгері, т.б.), техникалық және майлы дақылдар өсіру. Күріш жалпы дәнді дақыл өндірісінің жартысына жуығын ұстайды. Қытай көкөніс пен жеміс өндіруде де алдыңғы қатарда. Мал шаруашылығы жалпы өнімнің 20%-ын құрайды. Елде шошқа, қой, ешкі және ірі қара мал көп өсіріледі. Сонымен қатар, ара балы және жібек шаруашылығы, теңіз өнімдерін өсіру кең жалпыласқан (Nurgazina, Z, 2021).

Қытайдың ауыл шаруашылық өнімдеріне сұранысы мен ұсынысы ресурстық және экологиялық шектеулерге ұшырап отыр. Сондықтан олар халықаралық ауыл шаруашылық ынтымақтастықты дамыту арқылы азық-түлік тапшылығын болдырмауды көздейді.

Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі астық өндіруші ел ретінде, жоғары сапалы бидай өндірумен танымал. Сондай-ақ ол «Белдеу және жол» құрылысында маңызды стратегиялық рөл атқарады (孟天琪, 2023).

Қазақстанның егін шаруашылығына қолданатын жер көлемі 20 млн гектардан астам, жыл сайын 16–18 млн гектарға егін егіледі. Астық өнімдері шамамен 18 млн тоннаны құрайды, оның 90%-ы – бидай. Негізгі астықты аймақтар – Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары. Оңтүстік өңірлер – жеміс-жидек пен күріш, мақта, темекі өсіруге қолайлы. Қазақстан дәстүрлі дамыған мал шаруашылығы елі саналады. Кең байтақ жайылымдары (502,3 мың км²) мен өрістерінің (188 млн га) арқасында малды табиғи жайылымда өсіреді (魏凤, 2018).

Қазақстан негізінен жерді көп қажет ететін ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттайды және еңбекті көп қажет ететін ауыл шаруашылығы өнімдерін импорттайды. Қытайдың ауыл шаруашылығы өнімдерінің сыртқы саудасы негізінен жемістер, көкөністер, мал шаруашылығы өнімдері, су өнімдері және басқа да еңбекті көп қажет ететін өнімдерді экспорттайды, астық өнімдері сияқты жерді көп қажет ететін өнімдерді импорттайды. Сондықтан Қазақстан мен Қытайдың екіжақты ауыл шаруашылық саудасы белгілі дәрежеде бірін-бірі толықтырады.

Қытай үшін азық-түлік импортының тұрақтылығы маңызды. 2021 жылғы №1 Орталықтың құжатында ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасын оңтайландыру және импортты әртараптандыру стратегиясы ұсынылды (新华社, 2021). Қытай үкіметі астық пен негізгі ауылшаруашылық өнімдерінің тұрақты қамтамасыз етуге көңіл бөледі. Қытай дүниежүзілік агро азық-түлік импортының шамамен 8%-ын құрайды және Қазақстанның ірі сауда серіктестерінің бірі болып табылады. 2021 жылы Қытай дүниежүзінде Қазақстаннан

азық-түлік импорттаушы төртінші мемлекет болды (Рустенова, Э, 2023). Нақты мысалды төмендегі мысалдан көруге болады.

Кесте 1. Қазақстанның ауыл шаруашылық саласындағы негізгі серіктестері:

	Ел	Экспорт өнімдері	Импорт өнімдері	Ерекшелігі
1	Ресей	бидай, арпа, ұн, майлы дақылдар, ет	тұқым, тыңайтқыш, техника, жеміс-көкөніс	ЕАЭО аясындағы кедендік жеңілдіктер
2	Қытай	бидай, арпа, соя, зығыр, ет, бал	жеміс, көкөніс, өңделген азық-түлік, күріш	«Белдеу және жол» бастамасы логистиканы дамытты
3	Өзбекстан	ұн, бидай, арпа, май, қант	көкөністер, жемістер, дәмдеуіштер	маусымдық өнімдермен белсенді сауда
4	ЕО	зығыр, бидай, рапс, күнбағыс, бал	техника, тыңайтқыш, агрохимия	ЕОсапа стандарттары маңызды рөл атқарады
5	Ауғанстан	ұн, бидай, арпа, май, сүт өнімдері	аз мөлшерде ауылшаруашылық өнімдер	Қазақстан өнімдеріне тәуелділік жоғары

*Ескерту: авторлар дереккөз негізінде құрастырған.

Бүгінгі таңда Қазақстан ауыл шаруашылық саласы бойынша шетелге шығаратын тауарлар түрін кеңейтіп, жаңа нарықтарға шығуда: Еуропалық одақ, ТМД елдері, ЕАЭО, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Моңғолия, БАӘ, Сауд Арабиясы, Иран, Өзбекстан және Өзербайжанды қосқанда 15-тен астам мемлекетке экспортталады (www.gov.kz, 2025).

Қытай мен Қазақстан арасындағы ауыл шаруашылық өнімдер саудасы үздіксіз дамып келеді. 2013-2019 жылдары Қытайдың "Белдеу және жол" бойындағы елдермен ауыл шаруашылық өнімдерінің саудасы жылына орташа 5,07%-ға артты. Бұл елдердің ішінде 23 мемлекетпен екіжақты сауда көлемі 10%-дан жоғары өссе, Қазақстан 13,15%-дық көрсеткішпен 15-орынды ұстайды. 2001 жылы бұл көрсеткіш 62 млн долларды (0,24%) құраса, 2019 жылы 691 млн долларға (0,32%) жетті. Қазақстанның негізгі аграрлық сауда серіктестері – Қытай, Өзбекстан, Ресей, Ауғанстан және ЕО. Қытай бұл тізімде төртінші орында (李鹏文, 2022).

Кесте 2. Қытайдың дәнді дақылдарды импорттайтын негізгі елдері (бірлік: %)

	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі
Жыл	2015		2016		2017		2018		2019		2020	
1	АҚШ	29.72%	АҚШ	26.96%	АҚШ	29.10%	Аустралия	23.28%	Украина	21.48%	АҚШ	26.23%
2	Аустралия	22.81%	Аустралия	22.12%	Аустралия	23.59%	АҚШ	15.69%	Канада	17.89%	Украина	20.04%
3	Франция	11.74%	Вьетнам	12.96%	Вьетнам	15.96%	Канада	14.90%	Аустралия	15.81%	Канада	12.32%
4	Украина	11.35%	Украина	10.07%	Тайланд	8.50%	Вьетнам	12.64%	Франция	8.18%	Франция	11.08%
5	Вьетнам	7.83%	Тайланд	9.10%	Украина	8.10%	Украина	8.78%	АҚШ	5.44%	Вьетнам	4.85%

6	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі	Елдер	Үлесі
	Канада	6.61%	Канада	7.81%	Канада	7.72%	Тайланд	8.78%	Вьетнам	4.76%
	Тайланд	5.08%	Пәкістан	4.43%	Камбоджа	1.58%	Пәкістан	2.51%	Мьянма	4.69%
	Пәкістан	1.74%	Франция	2.61%	Пәкістан	1.46%	Франция	2.40%	Мьянма	4.69%
	Камбоджа	0.74%	Камбоджа	1.30%	Лаос	1.22%	Лаос	2.12%	Пәкістан	4.65%
	Лаос	0.67%	Лаос	1.23%	Мьянма	0.89%	Қазақстан	1.72%	Камбоджа	3.39%
	Жалпы	98.29%	Жалпы	97.66%	Жалпы	98.12%	Жалпы	96.79%	Жалпы	93.14%
										93.80%

Дерек көзі: UN Comtrade деректер базасы негізінде есептелген (曾婷钰, 2022).

2014 жылдан кейін Қытайға астық жеткізуші елдер саны 40-қа жуықтады, алайда импорттың 90%-ы 10 негізгі елге тиесілі. 2019 жылы Украина Қытайға астық жеткізуде бірінші орынға шықса, 2020 жылы АҚШ қайта алдыңғы орынға өтті. Алдыңғы ондыққа Ресей, Канада, Тайланд, Вьетнам, Аргентина, Пәкістан және Камбоджа кіреді. Қытай мен АҚШ арасындағы сауда қақтығыстарына байланысты өзінің астық саясатына өзгерістер енгізіп, Ресей мен Қазақстанды астық жеткізуші негізгі елдер санатына жатқызды.


Кесте 3. Қытайдың ауыл шаруашылық саласындағы негізгі серіктестері

№	Ел	Негізгі экспортталатын өнімдер	Ескерту
1	АҚШ	Соя бұршақтары, жүгері, сиыр еті, шошқа еті	2020 жылы сауда келісімдерінен кейін үлесі өсті
2	Бразилия	Соя, сиыр еті, тауық еті, қант	Қытайдың №1 соя жеткізушісі
3	Аргентина	Соя, ет өнімдері, жүгері	
4	Канада	Астық, рапс, соя, шошқа еті	
5	Аустралия	Сиыр еті, сүт өнімдері, арпа, бидай	Саяси шиеленіс әсер еткен
6	Жаңа Зеландия	Сүт өнімдері (сары май, ірімшік, құрғақ сүт)	
7	Ресей	Бидай, арпа, ет өнімдері	Геосаяси серіктестік рөлінде
8	Украина	Астық (бидай, арпа, жүгері)	Соғысқа дейін ірі жеткізуші
9	Тайланд	Күріш, тропикалық жемістер, крахмал өнімдері	
10	Вьетнам	Күріш, балық өнімдері, жемістер	
11	Қазақстан	Бидай, ұн, майлы дақылдар	Сауда үлесі артып келеді

Ескерту: авторлар дереккөз негізінде құрастырған.

Қытай Қазақстанға негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін және қосалқы тауарларды экспорттайды: көкөністер мен жемістер: сарымсақ, қырыққабат, сәбіз, алма, цитрустық жемістер; азық-түлік және сусындар; күріш, шай және шай өнімдері, ас дәмдеуіштері.

2001-2019 жылдар аралығында Қытай Қазақстанға негізінен жемістер мен көкөністерді экспорттады. 2008 жылдан бастап бұл өнімдердің үлесі жалпы экспорт көлемінің 70–90% аралығын құрады. Алғашқы жылдары дәнді дақылдар басым болса, 2003 жылдан бастап орнын жеміс-көкөніс өнімдері басты. 2011 жылдан кейін дәнді дақылдардың үлесі 10%-дан төмендеді. Бұл өзгеріс Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің біртіндеп қалпына келуімен және Қытайдың көкөніс өнімдеріндегі салыстырмалы артықшылықтарымен байланысты.




1-сурет. Екі ел арасындағы ауыл шаруашылық өнімдерінің сауда құрылымы

Қытайдан Қазақстанға экспортталатын негізгі ауыл шаруашылық өнім түрлері. Дерек көзі: автордың Trade Map дерекқоры негізінде өңдеп, есептеп шығарғаны (李鹏文, 2022).

Қазақстан Қытай нарығына негізінен шикізаттық және жартылай өңделген өнімдерді экспорттайды. Соңғы жылдары өнім түрлері мен көлемі айтарлықтай өсіп келеді. Қазақстан қазір Қытайға ауыл шаруашылығы өнімдерінің 24 түрін (бидай, зығыр тұқымы, арпа, жоңышқа, жүгері, бидай кебегі, жем және т.б.) экспорттайды. Сонымен бірге, тағы 12 өнім түрін (картоп, тері, бие сүті, құс еті мен өнімдері, жылқы, сиыр, қой, шошқа еті және тірі ІҚМ) жеткізу мақсатында фитосанитариялық және ветеринариялық талаптар бойынша жұмыстар атқарылуда (www.gov.kz, 2023).

2001–2019 жылдары Қытай Қазақстаннан негізінен тері, тоқыма талшықтары және мал мен өсімдік шикізатын импорттады. Бұл өнімдер жалпы импорттың 90%-дан астамын құрады. Уақыт өте келе былғары бұйымдарының үлесі төмендеді, тоқыма талшықтарының үлесі үздіксіз артты, мал және өсімдік шикізатының үлесі ауытқып отырды. 2010 жылдан бастап импорт құрылымы өзгеріп, азық-түлік, майлы дақылдар және өсімдіктерге басымдық берілді. 2012 жылы дәнді дақылдар жалпы импорттың 50%-ын құрады.



2-сурет. Екі ел арасындағы ауыл шаруашылық өнімдерінің сауда құрылымы Қазақстаннан Қытайға экспортталатын негізгі ауыл шаруашылық өнім түрлері. Дерек көзі: автордың Trade Map дерекқоры негізінде өңдеп, есептеп шығарғаны (李鹏文, 2022).

Зерттеу нәтижелері

Екі ел арасындағы ауыл шаруашылық өнімдерінің өзара толықтыру және бәсекелестік деңгейі

Белгілі бір елдің халықаралық саудасының деңгейі көбіне оның импорты мен экспортынан байқалады. Бұл олардың халықаралық нарықтық интеграциясының әлеуетін көрсетеді.

Формуласы: Импорт-экспорт тәуелділігі = жалпы сыртқы сауда айналымы / ЖІӨ.

Кесте 4. 2010–2019 жылдар аралығындағы Қытайдың Қазақстаннан ауыл шаруашылығы өнімдерін импорттау және экспорттау сауда тәуелділігі (бірлік: 100 миллион АҚШ доллары)

Жыл	Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау көлемі	Ауыл шаруашылығы өнімдерін импорттау көлемі	Ішкі жалпы өнім (ЖІӨ)	Экспорттық сауда тәуелділігі	Импорттық сауда тәуелділігі
2010	550.48	2449.91	62415.80	0.88%	3.93%
2011	683.17	3289.99	73941.52	0.92%	4.45%
2012	695.91	3224.72	81658.57	0.85%	3.95%
2013	735.27	3435.79	89951.40	0.82%	3.82%
2014	783.01	3309.83	97315.26	0.80%	3.40%
2015	760.73	2740.17	104127.32	0.73%	2.63%
2016	783.31	2651.48	112368.23	0.70%	2.36%
2017	823.96	3295.15	124991.95	0.66%	2.64%
2018	883.35	3524.07	136051.85	0.65%	2.59%
2019	869.90	3818.31	143429.03	0.61%	2.66%

*Дереккөзі: Экспорт-импорт сауда тәуелділік формуласымен есептелген. (加尔肯. 2021)

Санақ мәліметі Қытайдың Қазақстаннан ауыл шаруашылығы өнімдерін импортқа тәуелділігі экспортқа қарағанда әлдеқайда жоғары екенін көрсетті. Бұған Қытайдағы өндірістік шектеулер мен ауыл шаруашылығы өнімдері саудасындағы тапшылық себеп. Қазақстан бидай мен арпа сияқты негізгі дақылдарды ірі көлемде экспорттайтын ел, Қытай үшін сенімді серіктес. Сауда құрылымы негізінен өзара толықтыруға құрылған. Қытайда мал және өсімдік шикізаты, жеміс-көкөніс, қант, су өнімдері басым болса, Қазақстанда дәнді және майлы дақылдар, тоқыма талшықтары, өсімдік майлары басым.

Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылық саласына әсер етуші негізгі факторларды екі ел арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасына әсер етуші факторлар анықтайды.

Екі ел арасындағы сауда өсіміне әсер ететін негізгі факторлар:

- нарық сұранысы
- сауда құрылымының өзгерісі
- бағаның тұрақсыздығы

◆ 2008–2010 жылдары Қазақстанның экспорт көлемінің күрт төмендеуі баға өзгерісіне байланысты болды.

◆ 2001–2008: нарық сұранысы және құрылым әсері басым болды;

◆ 2008–2015: сұраныс және баға өзгерісі маңызды болды;

◆ 2015–2019: баға бәсекелестігі – негізгі қозғаушы болды; әсіресе жеміс-көкөніс өнімдері мен мал және өсімдік шикізаты үлкен үлес қосты.

Қазақстанның Қытайға ауыл шаруашылығы экспорты өскенмен, жалпы Қытай импортындағы үлесі 2001 жылы 0,01% - 2022 жылы 0,24%-ға ғана жетті. Ал Қазақстандағы бұл үлес 2001жылы 0,23% - 2022 жылы 8,12%-ға артса да, үлесі әлі де төмен, бұл Қазақстан өнімдерінің Қытай нарығындағы орны жеткіліксіз екенін көрсетеді. 2001 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылығы саудасы Қытайдың жалпы саудасының 0,07%-ын, ал 2019 жылы Қазақстанның жалпы саудасының 1,92%-ын ғана құрады. Кейін бұл көрсеткіш тиісінше 0,29% және 9,3%-ға жетті (阿思尔汗, 2023). Яғни, сауда өсімі бар, бірақ үлесі төмен. Сондықтан екі елдің ауыл шаруашылығы өнімдері саудасындағы өзара мәртебесін арттыру және әлеуетті толық пайдалану қажет.

Кесте 5. Қытайдың ауыл шаруашылық өнімдерінің 2021-2024 жж импорт-экспорт көлемі

Жылы	Жалпы сауда айналымы	Өзгеріс %	Экспорт	Өзгеріс %	Импорт	Өзгеріс %
2021	304,17 млрд	23,2 %	84,35 млрд	10,9 %	219,82 млрд	28,6 %
2022	334,32 млрд	9,9 %	98,26 млрд	16,5 %	236,06 млрд	7,4 %
2023	333,03 млрд	- 0,4 %	98,93 млрд	0,7 %	234,11 млрд	0,8 %
2024	318,16 млрд	- 4,5 %	103,00 млрд	4,1	215,16 млрд	-8,1 %

Ескерту. Қытай Халық Республикасының Сауда министрлігінің (中华人民共和国商务部对外贸易司) ресми сайтындағы деректер негізінде авторлар құрастырды.

Дерек көзі: www.mofcom.gov.cn/

Кесте 6. Қытай мен Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдерінің 2020-2024 жж импорт-экспорт көлемі

Жылы	Экспорт көлемі	Жылы	Экспорт көлемі	Өзгеріс
2020	23,979.8	2021	32,340.0	34.9
2021	32,340.0	2022	35,211.9	8.9
2022	35,211.9	2023	29,700.6	-15.7
2023	29,700.6	2024	30,725.6	3.5
Жылы	Импорт көлемі	Жылы	Импорт көлемі	Өзгеріс
2020	37,354.1	2021	25,085.3	-32.8
2021	25,085.3	2022	57,255.0	128.2
2022	57,255.0	2023	105,790.7	84.8
2023	105,790.7	2024	101,104.5	-4.4

Ескерту. Қытай Халық Республикасының Сауда министрлігінің (中华人民共和国商务部对外贸易司) ресми сайтындағы деректер негізінде авторлар құрастырды.

Дерек көзі: www.mofcom.gov.cn/

2021–2022 жылдары Қытайдың ауыл шаруашылық өнімдері саудасы өсті, алайда 2023 жылдан бастап төмендеу үрдісі байқалды. Экспорт көлемі біртіндеп өсіп отырғанымен, импорт қысқарды. Бұл ішкі өндірістің артуымен және нарықтағы баға ауытқуларымен байланысты. Қытайдан Қазақстанға экспорт көлемі 2020–2022 жж. аралығында өсіп, кейін құбылып отырды. Ал Қазақстаннан Қытайға жеткізілімдер жоғары қарқынмен ұлғайып, 2023 жылы рекордтық деңгейге жетті. 2023 жыл Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылық өнімдер кешені саласындағы өзара сауда көлемі 1 млрд доллардан асып, 70%-ға көбейді (www.gov.kz, 2023). Қазақстан үшін оң динамика байқалып, Қытайға экспорт көлемі айтарлықтай артты. Қазақстан үшін мүмкіндік Қытайдың азық-түлік сұранысында. Негізгі тәуекелдер: баға ауытқулары, сауда шектеулері мен логистикалық кедергілер.

Қазақстан мен Қытай экономикалық дамуды күшейтіп және аграрлық саладағы ынтымақтастықты ілгерлету мақсатында бірнеше келісімдер жасасты. 2008 жылы Қазақстанның ұйымдастыруымен өткен «Бірінші халықаралық ауыл шаруашылық инвестициялық фо-

румында» Қытайдың Мемлекеттік даму банкімен меморандумға қол қойылып, қаржыландыру алаңы құрылды (kz.mofcom.gov.cn, 2008). Екі ел 2016 жылы қыркүйек айында «Нұрлы жол» мен «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бағдарламаларын ұштастыратын ынтымақтастық жоспарын қабылдап, өндіріс, инвестиция, тасымал және аграрлық салада өзара іс-қимылды күшейтті (www.mofcom.gov.cn, 2021). Қытай мен Қазақстан арпа мен жүгері импортына рұқсат беретін хаттамаға қол қойды (baijiahao.baidu.com, 2023). 2023 жылы 18 мамырда Сиань қаласында өткен Қытай – Орталық Азия саммиті аясында COFCO (Қытай азық-түлік корпорациясы) мен Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігі ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды (www.baq.kz, 2023). 2024 жылы 5 желтоқсанда Қазақстан мен Қытай 1 млрд АҚШ доллары көлемінде ауыл шаруашылығы келісіміне қол қойды (view.inews.qq.com, 2024).

Сауда әлеуетін дамытуға оң әсер ететін факторлар

Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдері саудасының дамуына ықпал ететін оң факторлар бар: екі елдің аграрлық ынтымақтастығын кеңейтуі, өзара сауда байланыстарын нығайтуы және стратегиялық серіктестіктің тереңдеуі.

Географиялық артықшылықтар: Қазақстан мен Қытай іргесі тұтасып жатқан елдер, шекаралық тасымал мен логистикаға тиімді ортасы бар.

Институционалдық факторлар: Екі елдің ДСҰ мүшелігі – сауда тиімділігін арттырады, «Белдеу және жол» бастамасы аясында ауыл шаруашылық ресурстар алмасуы, агротехнологиялық ынтымақтастық, инвестициялар.

Қолайлы логистикалық инфрақұрылым: Ляньюньган логистикалық базасы – тасымалды жеделдетеді, Қытай–Еуропа теміржол экспресі – сауданың негізгі арнасына айналды, Қытай компанияларының Қазақстандағы технологиялық серіктестікке белсенді қатысуы.

Сауда әлеуетін дамытуға шектеулер мен кері ықпал етуші факторлары

Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдері саудасы айтарлықтай дамып келе жатқанымен, екіжақты сауданың дамуын тежейтін көмескі факторлар сақталуда.

Логистикалық тиімділіктің төмендігі. Қазақстанның ішкі көлік және логистика жүйесінің әлсіз болуы, инфрақұрылымы толық дамымағаны. Шыңжаңмен шекарадағы тасымал да төмен деңгейде. Бұл факторлар екі ел арасындағы сауданың кеңеюін шектейді. Қытай мен Қазақстанда біртұтас ауылшаруашылық сапа бағалау жүйесі жоқ.

Шешу шаралары мен ұсыныстар

Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдері саудасы бір қалыпты дамып келеді, бірақ әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Сондықтан төмендегідей ұсыныстарды айтқымыз келеді:

Екіжақты стратегиялық ынтымақтастықты нығайту; «Белдеу мен жол» жобасы аясында ұзақ мерзімді ауыл шаруашылығы ынтымақтастығы механизмін құру, ауыл шаруашылық тауар айналымын тұрақты түрде арттыру;

Ақпараттық алмасу және өнім құрылымын жетілдіру; ауыл шаруашылық өнімдері саудасы ақпараттар алмасу платформасын құру, сауда құрылымын жеміс-көкөніс, дәнді дақылдар, майлар және тоқыма талшықтарына бағыттау, әртарап өздерінің сауда артықшылықтарын сәулелендіру;

Көлік инфрақұрылымын дамыту (жол, темір жол) сауда шығындарын азайту және өнім бағасын тұрақты ұстау. Заманауи қойма, кептіру және тасымалдау инфрақұрылымын жетілдіру, ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізу тізбегін оңтайландыру.

Агротехнология салаларында ынтымақтастықты дамыту арқылы еліміздің экономикасы мен сауда әлеуетін арттырады.

Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу өнеркәсібін дамыту азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудың бірден-бір жолы. Сол үшін инвестиция тарту мен технологияны жаңғыртып отыру өте маңызды. Алайда Қытайдың капиталы мен технологиясына тым

тәуелді болудың салдары ауыр болатынын ескерген жөн. Ауыл шаруашылығында да көп жақтылы ынтымақтастықты дамытып, Израиль сияқты елдердің ауыл шаруашылық өнімдерін мәнерлеу, суландыру техникаларын енгізіп, бәсекелестік механизмін қалыптастырған абзал деп санаймыз.

Демек, еліміздің Қытаймен ауыл шаруашылық саласындағы серіктестігі қалыпты үрдіс даму динамикасында келеді. Оның болашық даму мүмкіндігі де зор, сонымен бірге тәуекелдердің де сақталып отырғанын ескерген жөн деп санаймыз.

Қорытынды

Қазақстан мен Қытайдың ауыл шаруашылық саласындағы серіктестік байланыстары екі ел арасында дипломатиялық қатынас қалыптасқаннан кейін басталды және екі ел қатынастарының дамуымен бірге дамып, тереңдеп келеді.

Қытай мен Қазақстан аграрлық үлкен елдер, алайда бір-біріне мүдделілік пен мұқтаж-дықтар аз емес. Олардың ауыл шаруашылық өнімдерінде бірін-бірі толықтыратын түрлері көп. Сондықтан болар екі ел арасында аграрлық өнімдер саудасы тұрақты түрде дамып келеді.

Дегенмен екі елдің халық саны және олардың ауыл шаруашылық өндіріс жерлерінің адам басына шаққандағы салыстырмасында айырмашылық үлкен. Қытайдың ауыл шаруашылық өндірісінің замануилануы олардың өндіріс әлеуетін барынша арттырды. Алайда халық санының көптігі мен егістік жер ресурстарының аздығы елдің азық-түлікке деген сұранысын толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан олар шетелден негізінен дәнді дақылдарды импорттап, су өнімдерін, қант, жеміс-жидек және көкөністерді экспорттайды.

Қазақстанның егістік жер көлемі өте кең, агроклиматы қолайлы болуына байланысты дәнді дақылдар мен майлы өсімдіктер көп егетін және экспортқа шығаратын ел. Сондай-ақ халықаралық аренада ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттаушы үлкен мемлекеттердің бірі болып саналады. Қытай мен Қазақстан арасындағы ауыл шаруашылық өнімдері саудасында бір-бірін толықтырушылық сипаты айқын.

Қытай елінің артықшылықтары – жеміс-жидек, көкөніс, қант, су өнімдері мен өсімдік шикізаттарынан байқалады. Олардың осындай аграрлық сауда құрылымы - толықтырушы санатта екенін айқындайды. Ал Қазақстанның экспорты – бидай, арпа, соя, майлы дақылдар, тірі малдар, мал өнімдері, бұғы өнімдері мен бал т.б. өнімдерінен тұрады. Бұл өнімдер іс жүзінде бір-бірінің олқылықтарын толықтырып отыр. Экономикадағы осындай толықтырулар – екі елдің аграрлық серіктестік қатынасын тереңдетеді және болашақ даму көкжиегін кеңейте түсетіні заңды.

Екі елдің ауыл шаруашылық өнімдер саудасында жетілдіретін, кемелдендіретін тұстары бар. Жинақтап айтқанда: екі мемлекеттің ауыл шаруашылығы саласында бәсекелестік деңгейін көтеруді қажет етеді; екі ел де ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапа және фитосанитарлық стандарттар нормасын біріздендіру керек; Қазақстан ауыл шаруашылық өнімдерін сақтайтын қойма инфрақұрылымдарын жетілдіруі қажет; тасымал шығындарын азайту және қарқынын тездетіп түсуге күш салуы керек деп ойлаймыз. Әрине, «Белдеу және жол» жобасы аясында іске асырылып жатқан көлік дәліздері мен логистикалық хабтар аграрлық өнім сауда айналымын жеделдетуге мүмкіндік береді деп сенуге болады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы ауыл шаруашылық өнімдері, сауда серіктестік қатынастары жалғаса береді және оның даму перспективасы зор деп санаймыз.

Әдебиеттер:

阿思尔汗, 2023 - 阿思尔汗. 中国与哈萨克斯坦农产品贸易影响因素研究 (硕士学位论文, 中央财经大学). 中国知网 // [Электронды ресурс] URL: <https://link.cnki.net/doi/10.27665/d.cnki.gzcju.2023.002321> (Қаралған күні: 15.08.2025).

百度百家号, 2019 - 中国与哈萨克斯坦正式签署议定书, 为大麦、玉米进口放行// [Электронды ресурс] URL: <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1617928214784250346> (Қаралған күні: 15.08.2025).

曾婷钰, 2022 - 曾婷钰. 中国与哈萨克斯坦粮食贸易合作的影响因素研究 (硕士学位论文, 新疆师范大学). 中国知网 // [Электронды ресурс] URL: <https://link.cnki.net/doi/10.27432/d.cnki.gxsfu.2022.000222> (Қаралған күні: 21.08.2025).

中国国家开发银行与哈萨克签署农业合作备忘录, 2008 - 中华人民共和国商务部// [Электронды ресурс] URL: <http://kz.mofcom.gov.cn/article/jmxw/200810/20081005851824.shtml> (Қаралған күні: 10.08.2025).

中哈签署《关于落实“丝绸之路经济带”建设与“光明之路”新经济政策对接合作规划的谅解备忘录》, 2019 - 中华人民共和国商务部 // [Электронды ресурс] URL: <http://kz.mofcom.gov.cn/article/jmxw/201909/20190902898865.shtml> (Қаралған күні: 23.08.2025).

中华人民共和国商务部 Ministry of Commerce of the People's Republic of China//[Электронды ресурс] URL: https://www.mofcom.gov.cn/?utm_source=chatgpt.com (Қаралған күні: 15.08.2025).

加尔肯, 2021 - 加尔肯. 中国与哈萨克斯坦农产品贸易竞争性和互补性研究 (硕士学位论文, 新疆财经大学). 中国知网 // [Электронды ресурс] URL: <https://link.cnki.net/doi/10.27428/d.cnki.gxcjc.2021.000111> (Қаралған күні: 15.08.2025).

Қазақстан Республикасы Президенті, 2021 - Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында сөйлеген сөзі. Ақорда// [Электронды ресурс] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-auyl-sharuashylygy-enbekkerlerinin-birinshi-forumynda-soylegen-sozi-1510217> (Қаралған күні: 17.08.2025).

Жаңалық, 2022 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі// [Электронды ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities /moa/press/news/details /1058479?directionId=164&lang=kk> (Қаралған күні: 22.08.2025).

Жаңалық, 2023 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі // [Электронды ресурс] URL: https://www.gov.kz/memleket/entities /moa/press/news/details /660270?lang=kk&utm_source=chatgpt.com (Қаралған күні: 15.08.2025).

BAQ.KZ, 2023 - Қазақстан-Қытай саммиті: Ынтымақтастықтың жаңа дәуірі// [Электронды ресурс] URL: <https://baq.kz/qytay-ortalyq-aziya-sammiti-yntymaqtastyqtyn-zhana-dauiri-304655/> (Қаралған күні: 15.08.2025).

李鹏文, 2022 - 李鹏文. 中哈农产品贸易增长及影响因素研究 (硕士学位论文, 中国农业科学院). 中国知网// [Электронды ресурс] URL: <https://link.cnki.net/doi/10.27630/d.cnki.gznky.2022.000607> (Қаралған күні: 19.08.2025).

孟天琪, 刘玉秀, 张正茂, 2023 - 孟天琪, 刘玉秀, 张正茂. 中国与哈萨克斯坦农业合作: 挑战与机遇// 欧亚经济. 2023 № 5. P. 76–89.

魏凤, 2018 - 魏凤. 中国与哈萨克斯坦农业比较研究// 北京: 中国农业出版社. 2018.

Nurgazina, 2021 – Nurgazina, Zh. 哈萨克斯坦与中国之间的农产品贸易: 竞争力和互补性 (博士学位论文, 西北农林科技大学). 博士. DOI: <https://doi.org/10.27409/d.cnki.gxbnu.2021.000140>

Рустенова, Ибыжанова, Тулеугалиева, 2023 - Рустенова, Э. А. Ибыжанова, А. Д. Тулеугалиева, Ж. К. Казахстанская сельскохозяйственная продукция: перспективы выхода на китайский рынок // Проблемы агорынка. 2023. №4. С.46–56. DOI: <https://doi.org/10.46666/2023-4.2708-9991.04>

腾讯新闻, 2024 - 外媒: 哈萨克斯坦与中国签署价值 10 亿美元的农业协议// [Электронды ресурс] URL: https://view.inews.qq.com/k/20241205A07KHL00?web_channel=wap&openApp=false&no-redirect=1 (Қаралған күні: 03.06.2025).

新华社, 2021 - 中共中央国务院关于全面推进乡村振兴加快农业农村现代化的意见. // [Электронды ресурс] URL: http://www.lswz.gov.cn/html/xinwen/2021-02/21/content_264527.shtml (Қаралған күні: 25.08.2025).

References:

Aserhan, 2023 – Aserhan. Zhongguo yu Hasakesitan nongchanpin maoyi yingxiang yinsu yanjiu (shuoshi xuewei lunwen, Zhongyang Caijing Daxue). Zhongguo Zhiwang. [Research on Factors Affecting Agricultural Trade Between China and Kazakhstan, Central University of Finance and Economics]. China National Knowledge Infrastructure // [Electronic resource] URL: <https://link.cnki.net/doi/10.27665/d.cnki.gzcju.2023.002321> (Accessed: 15.08.2025) [in Chinese].

Baidu Baijiahao, 2019 – Zhongguo yu Hasakesitan zhengshi qianshu yiding shu, wei damai, yumi jinkou fangxing [China and Kazakhstan Officially Signed a Protocol Allowing Imports of Barley and Corn] // [Electronic resource] URL: <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1617928214784250346> (Accessed: 03.06.2025) [in Chinese].

Zeng Tingyu, 2022 – Zeng Tingyu. Zhongguo yu Hasakesitan liangshi maoyi hezuo de yingxiang yinsu yanjiu (shuoshi xuewei lunwen, Xinjiang Shifan Daxue). Zhongguo Zhiwang. [“Factors Affecting Grain Trade Cooperation Between China and Kazakhstan, Xinjiang Normal University] // [Electronic resource] URL: <https://link.cnki.net/doi/10.27432/d.cnki.gxsfu.2022.000222> (Accessed: 21.08.2025) [in Chinese].

Zhongguo Guojia Kaifa Yinhang yu Hasake qianshu nongye hezuo beiwanglu, 2008 – Zhonghua Renmin Gongheguo Shangwubu [China Development Bank Signed an Agricultural Cooperation Memorandum with Kazakhstan]. Ministry of Commerce of the PRC // [Electronic resource] URL: <http://kz.mofcom.gov.cn/article/jmxw/200810/20081005851824.shtml> (Accessed: 10.08.2025) [in Chinese].

Zhong-Ha qianshu, 2019 – Guanyu luoshi ‘Sichou zhi Lu Jingji Dai’ jianshe yu ‘Guangming zhi Lu’ xin jingji zhengce duijie hezuo guiha de liangjie beiwanglu. Zhonghua Renmin Gongheguo Shangwubu [China–Kazakhstan Memorandum on Aligning the Silk Road Economic Belt with the Bright Road Policy]. Ministry of Commerce of the PRC // [Electronic resource] URL: <http://kz.mofcom.gov.cn/article/jmxw/201909/20190902898865.shtml> (Accessed: 23.08.2025) [in Chinese].

Zhonghua Renmin Gongheguo Shangwubu [Official Website of the Ministry of Commerce of China]. Ministry of Commerce of the People’s Republic of China // [Electronic resource] URL: <https://www.mofcom.gov.cn/> (Accessed: 15.08.2025) [in Chinese].

Jiarken, 2021 – Jiarken. Zhongguo yu Hasakesitan nongchanpin maoyi jingzhengxing he hubuxing yanjiu (shuoshi xuewei lunwen, Xinjiang Caijing Daxue). Zhongguo Zhiwang [“Competitiveness and Complementarity of Agricultural Trade Between China and Kazakhstan”,

Xinjiang University of Finance and Economics] // [Electronic resource] URL: <https://link.cnki.net/doi/10.27428/d.cnki.gxcjc.2021.000111> (Accessed: 15.08.2025) [in Chinese].

Qazaqstan Respublikasy Prezidenti, 2021 – Qasym-Jomart Toqaevtyñ auyl sharuashylygy enbekkeriniñ birinshi forumynda söylegen sözi [“Speech of the President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev at the First Forum of Agricultural Workers”]. Aqorda // [Electronic resource] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-auyl-sharuashylygy-enbekkerleriniñ-birinshi-forumynda-soylegen-sozi-1510217> (Accessed: 17.08.2025) [in Kazakh].

Jañalyq, 2022 – Qazaqstan Respublikasy Auyl sharuashylygy ministr i gi [“News of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan”] // [Electronic resource] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/1058479?directionId=164&lang=kk> (Accessed: 22.08.2025) [in Kazakh].

Jañalyq, 2023 – Qazaqstan Respublikasy Auyl sharuashylygy ministr i gi [“News of the Ministry of Agriculture of Kazakhstan”] // [Electronic resource] URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/660270?lang=kk&utm_source=chatgpt.com (Accessed: 15.08.2025) [in Kazakh].

BAQ.KZ, 2023 – Qazaqstan–Qytai sammiti: Yntymaqtastyqtyñ jaña дәuiri [“Kazakhstan–China Summit: A New Era of Cooperation”] // [Electronic resource] URL: <https://baq.kz/qytay-ortalyq-aziya-sammiti-yntymaqtastyqtyn-zhana-dauiri-304655/> (Accessed: 15.08.2025) [in Kazakh].

Li Pengwen, 2022 – *Li Pengwen*. Zhong-Ha nongchanpin maoyi zengzhang ji yingxiang yinsu yanjiu (shuoshi xuwei lunwen, Zhongguo Nongye Kexueyuan). Zhongguo Zhiwang [“Growth and Influencing Factors of Agricultural Trade Between China and Kazakhstan”. Chinese Academy of Agricultural Sciences] // [Electronic resource] URL: <https://link.cnki.net/doi/10.27630/d.cnki.gznky.2022.000607> (Accessed: 19.08.2025) [in Chinese].

Meng Tianqi, Liu Yuxiu, Zhang Zhengmao, 2023 – *Meng Tianqi, Liu Yuxiu, Zhang Zhengmao*. Zhongguo yu Hasakesitan nongye hezuo: tiaozhan yu jihui [China–Kazakhstan Agricultural Cooperation: Challenges and Opportunities] // *Eurasian Economy*. 2023. №5, pp. 76–89 [in Chinese].

Wei Feng, 2018 – *Wei Feng*. Zhongguo yu Hasakesitan nongye bijiao yanjiu // [Comparative Study of Agriculture in China and Kazakhstan] // Beijing: China Agricultural Press. 2018. [in Chinese].

Nurgazina, 2021 – *Nurgazina, Zh.* Hasakesitan yu Zhongguo zhijian de nongchanpin maoyi: jingzhengli he hubuxing (boshi xuwei lunwen, Xibei Nonglin Keji Daxue) [Agricultural Trade Between Kazakhstan and China: Competitiveness and Complementarity] // DOI: <https://doi.org/10.27409/d.cnki.gxbnu.2021.000140> [in Chinese].

Rustenova, Ibyzhanova, Tulegalieva, 2023 – *Rustenova E.A., Ibyzhanova A.D., Tulegalieva Zh.K.* Kazakhstan skhoz produktsiya: perspektivy vykhoda na kitaiskii rynok [Kazakh Agricultural Products: Prospects for Entering the Chinese Market] // *Problems of agricultural market*. 2023. №4, pp. 46–56. DOI: <https://doi.org/10.46666/2023-4.2708-9991.04> [in Russian].

Tencent Xinwen, 2024 – Waimei: Hasakesitan yu Zhongguo qianshu jiazhi 10 yi meiyuan de nongye xieyi [“Foreign Media: Kazakhstan and China Signed a USD 1 Billion Agricultural Agreement”] // [Electronic resource] URL: https://view.inews.qq.com/k/20241205A07KHL00?web_channel=wap&openApp=false&no-redirect=1 (Accessed: 03.06.2025) [in Chinese].

Xinhua She, 2021 – Zhonggong Zhongyang Guowuyuan guanyu quanmian tuijin xiangcun zhenxing jiakuai nongye nongcun xiandaihua de yijian [Opinions of the CPC Central Committee and the State Council on Promoting Rural Revitalization and Accelerating Agricultural Modernization] // [Electronic resource] URL: http://www.lswz.gov.cn/html/xinwen/2021-02/21/content_264527.shtml (Accessed: 25.08.2025) [in Chinese].

¹Шарыпқазы Н., ²Нуржаева А.М.

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Қазақстан

E-mail: ¹nuriknaiman16@gmail.com, ²nurzhayeva@gmail.com

КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОЕ АГРАРНОЕ ПАРТНЁРСТВО: ХАРАКТЕР ВЗАИМОДОПОЛНЯЕМОСТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Аннотация. В данной статье проводится всесторонний анализ современного состояния, существующих проблем и перспектив развития партнерства в сфере торговли сельскохозяйственной продукцией между Казахстаном и Китаем. Цель исследования – сделать обзор общего состояния аграрных отношений между двумя странами, определить уровень взаимозависимости в торговле сельскохозяйственной продукцией, выявить её особенности и факторы, негативно влияющие на торговые связи, а также определить механизмы и направления развития, способствующие дальнейшему укреплению торгового сотрудничества. Китай является крупным производителем и потребителем сельскохозяйственной продукции. Однако страна не может полностью обеспечить себя продуктами питания высокого качества и решает эту проблему в основном за счёт импорта. Казахстан, в свою очередь, является одной из ведущих зернопроизводящих стран с благоприятным климатом, плодородными землями и значительным аграрным потенциалом; её зерновые и масличные культуры представляют собой важный ресурс для Китая. В исследовании применялись сравнительный, исторический, системный, статистический и проектный методы, с помощью которых изучались научные работы и данные, касающиеся аграрных связей двух стран. Новизна работы заключается в том, что партнерство в области аграрной торговли между Казахстаном и Китаем основано на взаимной потребности. Основные направления экспорта и импорта обеих стран, а также положительные и отрицательные факторы, влияющие на торговый процесс, рассмотрены системно. Задача исследования – провести глубокий анализ современного состояния сельскохозяйственного партнерства между Китаем и Казахстаном и предложить конкретные рекомендации по его развитию в будущем. Результаты исследования имеют значимость, так как позволяют определить текущее состояние торговли сельскохозяйственной продукцией между Казахстаном и Китаем, выявить проблемные вопросы и перспективы развития. Кроме того, работа обладает высокой теоретической и практической ценностью, так как посвящена крайне актуальной теме и полностью раскрывает исследуемый вопрос.

Ключевые слова: Казахстан, Китай, торговля сельскохозяйственной продукцией, продовольственная безопасность, взаимное дополнение, международная конкуренция, перспективы развития.

¹Sharypkazy N., ²Nurzhayeva A.M.

¹Al-Farabi atyndagy Kazakh University, Almaty, Kazakhstan

²Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

E-mail: ¹nuriknaiman16@gmail.com, ²nurzhayeva@gmail.com

KAZAKHSTAN–CHINA AGRICULTURAL PARTNERSHIP: COMPLEMENTARITY AND DEVELOPMENT PROSPECTS

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the current state, existing challenges, and development prospects of the partnership in agricultural trade between Kazakhstan

and China. The purpose of the study is to review the overall state of agricultural relations between the two countries, determine the level of interdependence in agricultural trade, identify its characteristics and factors negatively affecting trade relations, and define mechanisms and development directions that can further promote trade cooperation. China is a major producer and consumer of agricultural products. However, the country cannot fully meet its demand for high-quality food and largely relies on imports to address this issue. Kazakhstan, on the other hand, is one of the leading grain-producing countries with favorable climate, fertile land, and significant agricultural potential; its grain and oilseed crops represent a valuable resource for China. The study employed comparative, historical, systemic, statistical, and projection methods to examine scientific works and data related to agricultural relations between the two countries. The novelty of the research lies in the observation that agricultural trade partnership between Kazakhstan and China is built on mutual needs. The main directions of exports and imports of both countries, as well as positive and negative factors affecting the trade process, were systematically analyzed. The objective of the study is to conduct an in-depth analysis of the current state of agricultural partnership between China and Kazakhstan and to provide specific recommendations for its future development. The research results are significant as they allow for determining the current state of agricultural trade between Kazakhstan and China, identifying key issues, and assessing development prospects. Furthermore, the study has high theoretical and practical value as it addresses a highly relevant topic and fully explores the research problem.

Keywords: Kazakhstan, China, agricultural trade, food security, mutual complementarity, international competition, development prospects.

Авторлар туралы мәлімет:

Шарыпқазы Нұртәліп, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Нуржаева Алина Маратовна, PhD, аға оқытушы, Сулейман Демирель атындағы Университеті, Қаскелен, Қазақстан

Сведения об авторах:

Шарыпқазы Нұртәліп, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Нуржаева Алина Маратовна, PhD, старший преподаватель, 2Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

Information about authors:

Sharypkazy Nurtalip, Senior Lecturer, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Nurzhayeva Alina Maratovna, PhD, Senior Lecturer, Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan